

# Тарихтағы 10 ерекше вундеркинд



# 1. Акрит Йасуал (Akrit Jaswal)

Бұл үнді баласы әлемдегі ең жас дәрігер атанған. Бес жасында ол анатомияны жақсы біліп, Шекспирді оқыған, жеті жасында өзінің алғашқы хирургиялық операциясын жасаған.

Жағдай былай болған: жергілікті аурухананың дәрігерлері жас баланың осы салаға қызығатынын біліп, операцияларды бақылап көруге рұқсат еткен. Осы арқылы Акрит хирургияны жетік меңгеріп, профессорларға өз білімін де дәлелдеген.

Ол жеті жасқа келгенде бір кедей отбасы қызын емдетуге ауруханаға қаржы төлей алмағандықтан Акриттен көмек сұраған. Бірақ, операция сәтті өткен.

Қазіргі таңда Акрит медицина университетінің ең жас студенті. Қатерлі ісіктен қорғайтын дәрі іздестіру үстінде.

Қазіргі таңда жас Акрит медицина университетінің ең жас студенті. Қатерлі ісіктен қорғайтын дәрі іздестіру үстінде.



## 2. Пабло Пикассо (Pablo Picasso)

Пабло сөйлеуден бұрын сурет салуды бастаған екен. Ол ең алғаш әкесінен ымдап қылқалам сұрап, сурет салуға машықтанған.

12 жасында кез келген бейнені шынайы түрде салып бере алған.

Өнер мектебіне қабылдау сынағын бір-ақ күнде тапсырған, ал өзгелер болса, бұл үшін айлап жүретін көрінеді. 16 жасында алғашқы көрмесі өтсе, 20 жасында әлем таныған.





### 3. Говард Филлипс Лавкрафт (Howard Phillips Lovecraft)

Мистикалық әдебиеттегі танымал тұлға. Екі жасында оқып, алты жасында салмақты әрі қиын өлеңдер жаза бастаған. Өте аурушаң бала жас кезінен баршаны қорқытатын образдар ойлап табумен айналысқан.

Қорқынышты бейнелерді ол өзінің түсінен алған. Оған үнемі қорқынышты түстер көрінетін болған. Бұл бір жағынан оның отбасы жағдайына да тікелей байланысты.



#### 4. Вольфганг Амадей Моцарт (Wolfgang Theophilus Mozart)

Моцарт тек қана әлемдік композитор ғана емес, әлем тарихындағы ең танымал вундеркинд.

Төрт жасында фортепианода ойнаған, ал бес жасында өзінің алғашқы музыкалық пьесаларын жаза бастаған. Сегіз жасында өзінің алғашқы симфониясын жазып бітірген.



## 5. Окита Содзи (Okita Soji)

Бұл жапониялық вундеркинд өзгелерден интеллектуалдық қабілеті жағынан асып тұрмаса да, оны ешкім жеңе алмаған.

Тоғыз жасында соғыс қылыштарын жетік меңгерген. 12 жасында ең танымал шеберді жеңген. 18 жасында ресми түрде соғыс өнерінің шебері ретінде мойындалған.



## 6. Ким Унг Йонг (Kim Ung-yong)

Гиннес рекордтар кітабына сенсек, корейлық Ким Унг Йонг әліге дейін әлемдегі IQ — 210 пункті кұрайтын жалғыз ақылды адам саналады. Үш жасында университеттің физика факультетінің студенті атанған, алты жасында өте жақсы бітірген. Жеті жасында АҚШтың НАСА ұйымына жұмысқа шақырылған. Он бес жасында докторлық атағы мен көптеген жетістіктері болған.





## **7. Грегори Смит (Gregory Smyth)**

**Грегори Смит 1990 АҚШ-та туған және 2 жасында оқи білген, 10 жасында университетте оқуын бастаған. Ол саясат жағынан өте мықты болған. Ең алғаш жеткіншектер арасында «Әлемдегі барлық балалармен түсіністікке қол жеткізу туралы» қозғалысты дүниеге әкелген. Оның танымалдылығы сонша, төрт рет Нобель сыйлығына ұсынылған.**





## 8. Уильям Джеймс Сайдис (William James Sidis)

Ал, Уильяма Сайдис болса әлемдегі ең ақылды адам, оның IQ деңгейі 250-300 пункт арасын құраған. Салыстырып көріңіз: егер сіздің интеллектіңіз 136 пунктке тең болса онда сіз ғалымсыз. Ал, қарапайым адамдықы 85 тен 115 аралығында болады.

1898 жылы АҚШ-та дүниеге келген. Жарты жылында оқуды білген, сегіз жасында төрт кітап жазып, жеті шетел тілін білген, олар: латын, грек, орыс, иврит, француз, неміс. Жетіншісі Vendergood тілі, оны жас бала грек, латын және заманауи роман-герман тобын араластыра отырып шығарған. Он бір жасында Гарвардка түсіп, жиырма жасқа жетпей профессор атанған.



9. **Мэрилин Вос Савант.** Оның парасаттылық коэффициенті (IQ) 228 бірлікті құрапты. Мэрилиннің асқан қабілеті бала кезінде-ақ белгілі болған екен. 10 жасында алғырлығымен көзге түскен ол сол кездің өзінде ***Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді.***

IQ – парасаттылық коэффициенті – адамның ойлау, алға қойған мақсатына жете білу, дұрыс шешім қабылдай білу қабілетін көрсететін бірлік.

Ғалымдардың есептеуі бойынша өткен ғасырдағы ғалымдардың парасаттылық коэффициенті мынадай болыпты: Гетеде - 200 бірлік, Ньютонда 190 бірлік, Галилейде 185 бірлік, Коперникте 130 бірлік.

***Мэрилин 1946 жылы 11 тамызда дүниеге келген ару.*** Тегі француз тілінен аударылғанда «ақылды» дегенді білдіреді. Мэрилин қазіргі таңда «Парад» журналында «Мэрилиннен сұра» деген айдарды жүргізуде. Интернеттегі жеке парақшасы арқылы да халықпен байланысқа түсіп жүр. Зерек жан кітап жазумен де айналысуда.



## 10. Алексис Мартин


АҚШ-тың Аризона штатының кішкентай тұрғыны **Алексис Мартин** жер бетіндегі ең ақылды адам деп танылды. IQ тестісін тапсырғанда небәрі үш жастағы бұл қыз бала 162 балл жинаған, ал бұл көрсеткіш әйгілі ғұламалар Альберт Эйнштейннің, Стивен Хокинг пен Билл Гейтстің ұпайларынан артық (160 балл) деп жазады «Актуальные новости».

Әдетте, ересек адамның ақыл-ойы деңгейінің орташа көрсеткіші 100 баллды көрсетеді. Шамамен жер бетіндегі адамдардың 2% вундеркинд деп саналады. Ал, зерттеушілер кішкентай ақылды қыздың интеллектісінің коэффициентін дәл анықтай алмаған, себебі, ол тест тапсырмаларын тым жылдам шешкен.

Сәбидің ерекше қабілетіне ата-анасы бұрыннан-ақ назар аударып жүрген екен. Бір жасында-ақ Алексис олардың айтқан ертегілерін өздеріне сөзбе-сөз қайталап айтып бере алатын болған. Бүлдіршін планшеттің көмегімен өздігінен испан тілін де үйреніп алған. Ол қазірден-ақ бесінші сынып оқулықтарын еркін оқиды.

Ақылды қыздың ата-анасы оны өздері үшін мақтан тұтатындарын жеткізді. Алайда, олар сәбилерінің болашақ тағдырына да алаңдаушылық білдіруде. Себебі, осы елден ерек даралығына байланысты Алексис қарапайым балабақшада немесе мектепте өзін еркін сезіне алмауы мүмкін, дейді олар.





Назар

аударғандарыңызға

рахмет!!!